

«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ










«БЕКІТІЛГЕН»

«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»
КеАҚ Басқарма Төрағасы - Ректор
Б.Тілеп



ПРОФЕССОР-ЗЕРТТЕУШІ ЛАУАЗЫМЫ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ

Басылым	Әзірлеген	Келісілген
Үшінші	Абдигапбарова У.М. 	Бурибаев Е.А.  Ишпекбаев Ж.Е.  Аменова К.А.  Желдыбаева А.Ж.  Жанбеков Х.Н.  Таттибаева Э.М. 

Алматы, 2024

1. Жалпы ережелер

1. Бұл Ереже «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Университет) профессор-зерттеуші лауазымына қабылданған мамандардың мәртебесін айқындайды және олардың құқықтары мен міндеттерін реттейді.

2. Профессор-зерттеуші лауазымы Университетке жетекші ғалымдарды тарту, Университеттің ғылыми әлеуетін сақтау мен арттыру және Университеттің ғылыми мектептерін қалыптастыру мақсатында енгізіледі.

2. Жұмысқа қабылдау

3. Профессор-зерттеуші қызметіне жұмысқа қабылдау Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасына және профессор-оқытушылар құрамының лауазымдары конкурсының ішкі қағидаларына сәйкес конкурстық тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Профессор-зерттеуші қызметіне конкурстық тәртіппен ғылыми қызметпен белсенді айналысатын, ғылыми мектептерді қалыптастыруға, жаңа ғылыми бағыттарды ұйымдастыруға және дамытуға ықпал ететін қазақстандық және шетелдік ғалымдар қабылданады.

Іргелі және қолданбалы зерттеулердің басым бағыттары:

- педагогикалық ғылымдар;
- әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар;
- жаратылыстану ғылымдары;

5. Профессор-зерттеуші қызметіне үміткер төменде көрсетілген талаптарға сәйкес келуі тиіс:

1) ғылым докторы немесе кандидаты ғылыми дәрежесінің; профессор немесе қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағының болуы (*ЖОО, ҒЗИ қауымдастырылған профессоры м.а. немесе профессоры ғылыми атағы бар үміткерлер есепке алынбайды*);

2) ғылыми-педагогикалық қызмет өтілі кемінде 20 (жиырма) жыл болуы;

3) ҚР ҒЖБМ гранттық немесе бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде іске асырылған немесе іске асырылатын 2 (екі) ғылыми жобаға немесе халықаралық жобаларда соңғы 5 (бес) жыл ішінде ғылыми жетекші немесе зерттеу тобының мүшесі ретінде қатысу тәжірибесінің болуы;

4) соңғы 5 (бес) жылда Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің (бұдан әрі – ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК) ғылыми зерттеулердің негізгі нәтижелерін жариялауға ұсынған ғылыми басылымдарда кемінде 4 (төрт) мақаласының болуы;

5) соңғы 5 (бес) жылда Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index, Arts and Humanities Citation Index, Russian Science Citation Index және (немесе) Emerging Sources Citation Index Web of Science деректер базасында индекстелетін және (немесе) Scopus деректер базасындағы CiteScore бойынша процентилі 35 (отыз бес) кем емес басылымда кемінде 3 (үш) мақаласының болуы; кемінде 2 (екі) Хирш индексінің (H-index) болуы.

Немесе

соңғы 5 (бес) жылда Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index, Arts and Humanities Citation Index, Russian Science Citation Index және (немесе) Emerging Sources Citation Index Web of Science деректер базасында индекстелетін және (немесе) Scopus деректер базасындағы CiteScore бойынша процентилі 35 (отыз бес) кем емес басылымда кемінде 2 (екі) мақаласының болуы; Elsevier, Brill, CRC Press, DeGruyter, Edward Elgar Publishing, John Wiley & Sons, McGraw Hill, Palgrave Macmillan, Peter Lang, Prentice Hall, Routledge, Sage Publications, Springer Nature, Taylor and Francis, Wolters Kluwer, Cambridge University Press, Columbia University Press, Cornell University Press, Harvard University Press, MIT Press, Oxford University Press, Princeton University Press, Stanford University Press, University of California Press, University of Chicago Press, University of Michigan Press, Yale University Press баспаларында немесе Academic Ranking of World Universities, Times Higher Education World University Rankings немесе US News Best Global Universities Rankings халықаралық рейтингтерінің топ-100-ге кіретін ЖОО-ның баспасында шығарылған монографиядағы тараудың болуы; Хирш индексінің (H-index) болуы.

6. Конкурсқа қатысу үшін өтінім төмендегілерді қамтиды:

- конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- жеке куәліктің көшірмесі;
- түйіндеме/ CV;
- ғылыми дәреже алғанын, ғылыми атақ берілгенін растайтын құжаттар;
- үміткердің ғылыми зерттеу жоспары (Research Proposal) (*педагогикалық және пәнаралық бағыттар бойынша ғылыми-зерттеу қызметіне басымдық беріледі*);
- соңғы 5 (бес) жылдағы ғылыми еңбектер тізімі;
- ҚР ҒЖБМ ғылыми жобаларына жетекшілік етуі және қатысуы, халықаралық ғылыми жобаларға жетекші және орындаушы болғанын растайтын құжаттар (ҰМҒТСО жүйесінен скриншот, халықаралық ұйыммен келісімшарт);
- үміткерлерге жоғарыда көрсетілген талаптарды растайтын құжаттары бар портфолио (жарияланымдардың көшірмесі, Scopus және WoS базаларындағы жарияланымдардың дәйексөзділік сілтемесі, еңбек кітапшасының көшірмесі);
- алдыңғы жұмыс орындарынан ұсыныс хат немесе мінездеме;
- соңғы 5 (бес) жылдағы ғылым және білім саласындағы жетістіктері («Болашақ» стипендиясының иегері, «Үздік ғылыми қызметкер» атағының иегері, ҚР «Жоғары оқу орнының Үздік оқытушысы» атағының иегері, ғылыми жетекшілік тәжірибесі, өнертабыстығы үшін алынған патенттер мен сертификаттары және т.б.).

7. Университетке профессор-зерттеуші лауазымына қабылдау туралы хабарландыру Ректордың бастамасымен жүзеге асырылады.

8. Профессор-зерттеуші қызметіне еңбек шарты негізінде шығарылған Университет Ректорының бұйрығымен тағайындалады.

3. Қызметі

9. Қызметкер Университетке ғылыми және оқытушылық қызмет атқару үшін 3 (үш) жыл мерзімге жасалатын еңбек шарты бойынша конкурстық тәртіппен профессор-зерттеуші лауазымына қабылданады.

10. Профессор-зерттеуші оқытушылық қызметпен айналысуға құқылы, бірақ көлемі 0,25 педагогикалық жүктемеден аспауы тиіс.

11. «Профессор-зерттеуші» лауазымындағы қызметкерге ғылыми-оқытушылық жұмыстар, іргелі немесе қолданбалы зерттеулерді орындау, жас ғалымдар мен зерттеушілерді тарту мен оқыту, ғылыми қызметкерлерге, профессор-оқытушылар құрамы мен магистранттарға, докторанттар мен постдокторанттарға ғылыми еңбектерді жариялау, ғылыми жобаларға қатысуды үйрету семинарларын өткізу мәселелері бойынша кеңес беруді, сондай-ақ Университетте белгіленген тәртіпке сәйкес басқа да функцияларды атқару жүктеледі.

12. Профессор-зерттеушінің ғылыми және педагогикалық қызметі Ғылым департаменті үш жылға бекіткен жеке жұмыс жоспары бойынша жүзеге асырылады, оған келесі бөлімдер кіреді:

- ғылыми бағыт бойынша барлық кезеңдерді қамтитын ғылыми-зерттеу жұмысы;

- халықаралық ғылыми журналдарда, Scopus (CiteScore бойынша кемінде 50 процентилі бар) және/немесе WoS (Q2-ден төмен емес квантилі бар) базаларында индекстелетін рецензияланатын ғылыми басылымдарда бір немесе бірнеше ғылыми салалар бойынша ғылыми жарияланымдар (басымдық Education, Pedagogical Science және Social Science бағыттарындағы жарияланымдарға беріледі);

- ҚР ҒЖБМ ғылыми жобаларын гранттық қаржыландыруға арналған конкурстарға жетекші және/немесе орындаушы ретінде қатысу;

- Университеттің ғылыми және қоғамдық іс-шараларына қатысу;

- жұмыстың басқа түрлерін жүргізу.

Қажет болған жағдайда, жеке жұмыс жоспарын нақтылауға болады.

13. Профессор-зерттеуші жыл сайын халықаралық дәйексөздер базасына кіретін жетекші шетелдік журналдарда ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін Университеттің атауын көрсете отырып жариялауға міндетті. Профессор-зерттеуші жылына WoS базасына кіретін рецензияланатын ғылыми басылымдарда (Q2-ден кем емес) немесе Scopus базасында CiteScore бойынша бір немесе бірнеше ғылыми салалар бойынша (кемінде 50 (елу) процентилі бар журналдарда кемінде 2 (екі) мақала шығару тиіс.

Егер профессор-зерттеуші жетекші ретінде Абай атындағы ҚазҰПУ атынан берілген ҚР ҒЖБМ гранттық немесе бағдарламалық-нысаналы қаржыландырудың ғылыми және/(немесе) ғылыми-техникалық жобасын іске асыруға ҚР Ұлттық ғылыми кеңесінің оң шешімін алған жағдайда, онда 1 (бір) ғылыми жоба WoS базасына кіретін (Q2-ден кем емес) немесе Scopus базасында CiteScore бойынша кемінде 50 (елу) процентилі бар рецензияланатын ғылыми басылымдардағы 1 мақаланы ауыстырады.

14. Профессор-зерттеуші Университеттің профессор-оқытушылар құрамына, жас зерттеушілеріне негізгі 4 модуль: 1) Scopus, WoS халықаралық базаларында іздеу, іріктеу және жарияланымдар; 2) ҚР ҒЖБМ гранттық, бағдарлы-нысаналы қаржыландыру жобаларының конкурстық құжаттамасын түсіндіру; 3) халықаралық ынтымақтастықтар желісін кеңейту мақсатында халықаралық сарапшыларды, ғалымдарды тарту және 4) Startup (стартап) жобаларын қалыптастыру және ұсыну, бойынша бір оқу жылында кемінде 2 (екі) семинар өткізуі тиіс.

15. Докторанттарды қабылдау уақытында профессор-зерттеушілер лауазымдық еңбекақысы шеңберінде 6 сағат көлемінде іріктеудің негізгі бағалау критерийлері бойынша Абай атындағы ҚазҰПУ-ға түсушілер үшін консультациялық семинарлар өткізуге міндетті.

16. Профессор-зерттеуші кемінде 1 (бір) магистранттың ғылыми диссертациялық зерттеуіне жетекшілік етуге міндетті.

17. Зерттеу Университетінің имиджін дамыту, ғылыми мектепті қалыптастыру және оны отандық және халықаралық ғылыми кеңістікте танымал ету мақсатында профессор-зерттеушілер өздерінің ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін ай сайын әлеуметтік медиа ресурстарында жариялауы тиіс.

18. Профессор-зерттеуші жыл сайын жыл соңында Ғылым департаментіне растайтын құжаттарды қоса бере отырып, орындалған ғылыми-зерттеу жұмысы туралы жазбаша есеп беруге міндетті.

4. Еңбекақы төлеу шарттары

19. Профессор-зерттеуші лауазымындағы қызметкердің еңбек ақысы Университеттің штаттық кестесіне сәйкес келісімшарт негізінде белгіленеді.

5. Жұмыс және демалыс уақыты

20. Профессор-зерттеушіге сауықтыруға арналған жәрдемақы төлене отырып, ұзақтығы күнтізбелік елу алты күн болатын жыл сайынғы негізгі ақылы демалыс беріледі.

6. Еңбек шартын бұзу және ұзарту

21. Профессор-зерттеушімен еңбек шартын осы Ереженің 13, 14, 15, 16 - тармақтарын орындамаған жағдайда ҚР еңбек заңнамасында көзделген тәртіппен қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін бұзылады.

22. Үш жылдық қызмет мерзімі сәтті аяқталған жағдайда (жоғары жарияланым белсенділігі, ғылыми жобаларға жетекшілік жасау және өзге де көрсеткіштерді орындау), профессор-зерттеушілермен еңбек шарты ұзартылуы мүмкін.

7. Жауапкершілік

23. Осы Ереженің талаптарын сақтау профессор-зерттеушілердің жауапкершілігіне кіреді. Талаптардың орындалуын үйлестіруді және бақылауды зерттеу қызметі жөніндегі проректор, Ғылым департаменті жүзеге асырады.

24. Профессор-зерттеушілер қатысуға міндетті:

- Университеттің және ҚР уәкілетті органдарының нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу, сараптау жұмыстарына (ҚР ғылымы бойынша ұлттық баяндама, стандарттар, стратегиялар және т.б.) қатысу;

- Университеттің ғылыми іс-шараларын ұйымдастыруға және өткізуге.

25. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Университетте белгіленген тәртіппен енгізіледі.